

Астана қаласы
А. Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицей



*«Бекітемін»
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары*

А.Кушбаева

2024-2025 оқу жылының қорытынды анықтамасы

Музыка пәні мұғалімі және «Шабьт» ансамбль жетекшісі: Кируова Ж.К

2024-2025 оқу жылы

2024–2025 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар мен жетістіктер

2024–2025 оқу жылы аясында бірқатар шығармашылық және тәрбие бағытындағы жұмыстар атқарылды.

Қыркүйек айы:

Домбыра үйірмесіне қатысушы оқушыларды жинап, «Шаттық–2025» қалалық мектепаралық байқауына дайындық жұмыстарын бастадым. Бірегей домбырашылардан жаңа құрам жасақтап, ансамбльге «Шабыт» деген атау бердім. Себебі, өткен оқу жылында «Шаттық–2024» байқауында «Домбыра–дастан» фольклорлық ансамблімен алтын жүлде иеленген едік. Сол себепті, бұрынғы құрам бұл байқауға қатыса алмағандықтан, жаңа топ құрылды.

Қазан айы:

«Асыл мұра» қалалық байқауына оқушым Қасен Нұртөре қатысып, дипломант атанды.

Қараша айы:

Қалалық «Үкілі домбыра» байқауында «Шабыт» ансамблі Бас жүлде иеленді.

Жеке орындауда:

- Нұрболат Кәусар – Бас жүлде
- Бекеталы Ақнұр – II орын
- Эдуардқызы Жәния – III орын

Сол айда өткен қалалық «Абыз домбыра» байқауында Нұрболат Кәусар III орын алды.

Сондай-ақ, музыка пәні мұғалімдері арасында өткен «Күмбірле сазды домбыра» байқауында өзім III орынға ие болдым.

Желтоқсан айы:

Қалалық «Күй қайнары» байқауында Беимбет Гүлназ III орын жеңіп алды.

Қаңтар айы:

Н.Тілендиевтің 100 жылдығына орай мектепте үлкен концерт

ұйымдастырылды. Концертте композитордың әндері мен күйлері орындалып, ұстаздар мен оқушыларға жоғары деңгейде өнер көрсетілді.

Сәуір айы:

Қалалық «Шаттық–2025» байқауында «Шабыт» ансамблі ІІ орын (күміс медаль), ал Нұрболат Кәусар ІІІ орын (қола медаль) иеленді. Аттестациядан өту үшін 3 қала және республикалық деңгейде 3 мақала жариялап, «Домбыраны қолға ұстау және алғашқы орындау техникасы» атты авторлық бағдарламамды қорғадым. №22 мектепте өткен семинарда осы бағдарламамен баяндама оқып, әріптестермен пікір алмастым.

18 сәуір күні «Өнерлі шәкірттермен өрілген ғұмыр» атты шығармашылық кеш өткіздім. Шәкірттерім өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсетіп, көрермендердің ықыласына бөленді.

Осы кеш пен атқарылған жұмыстар нәтижесінде бірнеше марапаттарға ие болдым:

- Астана қаласы Білім басқармасының кәсіподақ басшысы Б.Әлиевтің Алғыс хаты
- «Аманат» партиясы басшысы М.Болысбектің Алғыс хаты
- Мектеп директоры Нұрила Бақтиярқызының Алғыс хаты
- Р.Бағланова атындағы №2 музыка мектебі басшысы В.Лидің Алғыс хаты.

Мамыр айы:

24 мамыр күні Астана қаласы Білім басқармасы басшысы Қ.Сенгазиевтің Алғыс хатымен марапатталдым.











